



**Әдебиет пен өнер
түрлерінің
байланысы**
ҚАҰЛАНҒЫСЫ
1. Ақынның

Біздің тіліміздегі *“Әдебиет”* сөзінің түп-төркіні араб тілінде *“сөз, үлгі сөз”* деген мағынаны білдіретін *“адаб”* сөзінен; ал өзге тілдерде *“әдебиет”* ұғымындағы *“литература”* сөзі латын тілінен тура аудармасында *“жазылған, жазуға түскен”* деген мағынадағы *“lit (t) eratura”* сөзінен өрбиді. Соңғы сөздің негізінде *“әріп, жазу”* дегенді білдіретін *“lit (t) era”* сөзі жатыр

Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады.

Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі.

Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды.

Осыған сай өнердің:

 Көркем әдебиет

 Музыка

 Мүсін

 Кескіндеме

 Театр

 Би

 Сәулет өнері т.б.

**Өнердің түрі көп. Әдебиет -
сөз өнері. Мүсіншінің
құралы – саз , суретшінің
құралы – бояу , әншінің
құралы – үн , бишінің
құралы – қимыл болса ,
әдебиетшінің құралы – тіл.**



- әдебиеттің құрылыс материалы



Поэзия өз бойына ішкі рухани әлемнің барлық ерекшеліктерін жинақтаған , пластикалық өнер түрлері мен музыкаға да тікелей байланысы бар сөз өнерінің түрі . Бір қырынан алып қарағанда , поэтикалық өнерде музыкадағы сияқты сәулет , мүсін , кескін өнерінде мүлдем көрінбейтін ішкі әлем мазмұны көрінеді . Екінші жағынан рухани дүние ауқымында поэзияның өзі көңіл-күй алмасуларын , сезім әуендері мен үрейді , қандай оқиғаның шиеленісуі мен шешімін бейнелейтін , басқа өнер түрлеріне тән емес кең түрдегі объективті әлемді туындатады.

Г.В.Ф. Гегель



Өлең өнері сөзбен , ал сурет (жанды жазу) өнері бояумен құлпырады , олар осымен ғана бөлек ; ал іс жүзінде екеуі де ұқсас; екеуі де адам сезімі мен ойына еліктеудің көмегімен әсер етеді .

Әбу Насыр Әл-Фараби

Өнердің көп салаларының ішіндегі ең қадірлісі әрі қасиеттісі - **көркем әдебиет**. Оның өнердің өзге түрлерімен әлгідей бірлігі бола тұра өзгешелігі де мол. Сөз өнері **сурет пен музыка** секілді жалпыға бірдей жетімді деу қиын: сөз – бояу немесе дыбыс емес, барлық халыққа бірдей түсінікті бола алмайды. Әр ұлттың өзгеден ерекше өз тілі бар; әдеби шығарма сол тілде ғана туады. Бұл – көркем әдебиеттің халықаралық өрісіне біраз бөгеу , тіпті тұсау екені рас. Бірақ , мұның есесіне , әдебиеттің тілі **музыка** тілінен гөрі нақты , **театр** тілінен гөрі затты : симфонияны тыңдаушының бәрі түсіне бермейді, театр сахнасында бүгін кеште жүріп жатқан спектакльдің ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалғандай қолға ұстар затты дерегі бола бермейді, ал әдебиетте екеуі де – нақтылық та , заттылық та бар. **Бейнелеу, сәулет, мүсін** өнерлері затты , нақты болғанымен жансыз , қимылсыз , ал әдебиет кез келген шындықты қимыл , қозғалыс үстінде құбылта , құлпырта алады .

Көрнек өнері

Көрнек өнері бес тараудан тұрады:

Бірінші-тастан , кірпіштен , ағаштан яки басқа заттан сәнін келтіріп , сәулетті сарайлар мешіт , медресе , үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады.(Европаша архитектура).

Екінші – балшықтан я материалдан құйып , тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын тұрпатын, сын- сымбатын келтіруге сурет жасау өнері – бұл сымбат өнері болады. (Европаша скульптура).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін , түрін, түсін , кескін – келбетін келтіріп , суреттеп көрсету өнері – бұл кескін өнері болады.

(Орысша живопись).

Төртінші – әуездің түрлі орайын , шырайын , сазын , сайрамын келтіріп , құлаққа жағып көңілді әсерлейтін ән салу , күй тарту өнері – бұл әуез өнері болады. (Европаша музыка) .

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін , түсін , ісін сөзбен айтып келтіру өнері – бұл сөз өнері болады. (Қазақша асыл сөз, арабша әдебиет ,европаша литература) .

А. Байтұрсынов

I – тапсырма

“Әдебиет пен музыка”



II – тапсырма

“Әдебиет және сурет өнері”





III - тапсырма

“Әдебиет және театр”



IV-ТАПСЫРМА

«Үш сурет , бір мағына»




ӘТДТБХ АЕИЫЕРИ





БГИЛАИЯБФОИР





ТОГСКЕЛТЯОИ

Ихний нэр: "ОХ Уулс" ХХК	Утас: 77222222
Холбоо барих: Х. Холбоо	Тусгай мэдээлэл: 1234567890
Холбоо барих: Х. Холбоо	Тусгай мэдээлэл: 1234567890

Счет на оплату № 9-2217 от 12 октября 2011 г.


Получатель: ООО "Уулс" (ИИН: 3300000000000000000)


№	Төрөл	Хэмжээ	Нэгж	Төлбөр	Төлбөр
1	Төлбөр	1	төг	2.300,00	2.300,00

Дүн: 2.300,00

Дүн хэргийг гүйцэтгэх өдөр: 12/10/2011

Хуульч: Х. Холбоо





РОТПЕРТ





ОЛЬРЛКОФ



